

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры басқару кеңесінің кейбір мәселелері туралы"
"Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы № 1509 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кеңестің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 14 ақпандағы № 753 Жарлығының және "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қыркүйектегі № 911 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 25-тармағының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 113 Жарлығы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Жарлық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы № 1509 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 51, 675-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесі туралы ережеде:
4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Кеңестің негізгі міндеттері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын (бұдан әрі - Қор) пайдалану және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне жәрдем көрсету және ұсынымдар әзірлеу болып табылады.»;
5-тармақ мынадай мазмұндағы 4), 5), 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:
«4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
5) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялау бағыттары бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;
6) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен

сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін айқындау жөнінде ұсыныстар
ә з і р л е у ;

7) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі туралы жыл сайынғы есепті
қ а р а у б о л ы п т а б ы л а д ы . » ;

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қор қызметі және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы
активтерін басқару мәселелерін талқылауға мемлекеттік органдардың, сондай-ақ
азаматтық қоғам институттарының өкілдерін тартуға;».

2 . М ы н а :

1) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару
жөніндегі кеңестің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің
2014 жылғы 14 ақпандағы № 753 Жарлығының;

2) «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен
толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдерінің
күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы
17 қыркүйектегі № 911 Жарлығымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж.,
№ 55-56, 538-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір
актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 25-тармағының күші жойылды
д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы Жарлық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев